

Ленин жұл

КП(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және КП(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Шығуына
26-шы жыл
№ 255
(6956)
1944 жыл
Жексеңбі
24 декабрь
Жеке саны
20 тыйын

КӨПШІЛІК-САЯСАТ ІСІ ПӘРМЕНДІ ЖҮРГІЗІЛСІН

Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары, МТС-тары мен совхоздары быйылғы жылдың негізгі ауыл шаруашылық жұмыстарын үлгілі аяқтаумен қатар қазіргі уақытта келесі көктемгі егіске әзірлікті күннен-күнге өрістетуде. Егіннен мол өнім алу—оган күншілері, мүлтіксіз әзірленуге тікелей байланысты екенін жете түсінген колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз жұмысшылары ауыл шаруашылығының бұл негізгі және шешуші кезеңіне барлық жағынан сақадай-сай әзірлену үшін жұмыстың қандай саласында болсын қажірлі еңбек істеп, аянбай күш жұмсауда.

Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданындағы Манкент МТС-ның коллективі Қазақстанның барлық МТС-тарының жұмысшылары мен қызметкерлеріне арнап жазған үндеуінде былай деді: «Егіннен мол өнім алу күресінде машина-трактор станцияларының алдына қойылып отырған міндет әрі зор, әрі ардақты. Сондықтан да, Отан алдындағы, Қызыл Армия алдындағы борышымызды жақсы ұғына отырып, тракторларды жөндеу жұмысын ойдағыдай өткізіп, барлық машиналар мен тіркеу саймандарын көктемгі егіске жақсы әзірлеу жолында республикалық социалистік жарыс ұйымдастыруға шақырамыз».

Манкент МТС коллективінің үндеуін облысымыздың МТС жұмысшылары жаппай қолдады. Трактор паркін жөндеу жұмысын жақсы ұйымдастырып, жұмысшылардың майдандағы еңбек істеуі нәтижесінде бірталай МТС-тар көрнекті табыстарға жетті. Құйбышев атындағы МТС трактор паркін жөндеудің 4-тоқсандағы жоспарын 111 процент, Петропавл МТС 118,7 процент, Соколов МТС 137,6 процент орындады. Бұларда істелген жұмыстың сапасы айтарлықтай. Ауыл шаруашылық машина-саймандарын егіс жұмысына әзірлеуде бұл МТС-тардың мұндай табысқа жетуінің негізгі сыры—жұмысшылар арасында көпшілік-саясат ісі айтарлықтай жолға қойылды. Трактор жөндеуші жұмысшылар Отан соғысы майдандарынан түскен соңғы хабарлармен күнбе-күн таныстырылып, алдыңғы қатарлы жұмысшылардың іс үлгісі көпшіліктің игілігіне айналдырылады.

Көктемгі егістің қысқа мерзімде үлгілі өткізілуі және мол егіннің берік негізгі жасалуы трактор паркі мен тіркеу саймандарының толық сапалы жөндеуіне байланысты. Міне сондықтан да қазір МТС-тар мен совхоз коллективтерінің, колхозшылардың және бастауыш партия, комсомол ұйымдарының алдында тұрған айбынды міндеттің бірі—тракторлар мен машина-саймандарды егіс жұмысына мүлтіксіз әзірлеу болып саналады.

Алайда облысымызды тұтас алғанда

тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеу жұмысының барысы қанағаттанғысыз болып отыр. Бірсыпра МТС-тар бұл аса маңызды жұмысты олқылыққа ұшыратты. Мәселен, Калинин атындағы, Преснов, Ильич және Суворов атындағы МТС-тар 4-тоқсанның жұмыс жоспарын небары 42—60 процент ғана орындады. Бұған басты себеп: біріншіден, тракторларды жөндеу жұмысы нашар ұйымдастырылған болса, екіншіден жұмысшылар арасында көпшілік-саясат ісі тіпті нашар жүргізілді, ал бұл іскейбір МТС-тарда мүлде өрістетілмей отыр. Бірсыпра МТС-тардың партия ұйымдары жұмыстың бір саласымен ғана шұғылданып өзінің негізгі міндетін—жұмысшылар арасында көпшілік-саясат ісін шын мәнінде күшейтуді ұмыт қалдырып келеді. Осының салдарынан жұмыстың қай саласынан болсын МТС артта қалып қояды.

Көпшілік-саясат жұмысының пәрменді түрде жүргізілуі жұмыстың табысты болу түйінін шешеді. Бұл іс шын мәнінде тыңғылықты жүргізілген жерде жұмыстың барысы ойдағыдай болады. Міне сондықтан да партия, комсомол ұйымының істеген жұмысы, әрбір коммунист пен комсомол мүшесінің ұйымдастырушылық міндетін қалай атқарғандығы көпшілік-саясат ісінің нәтижесіне қарай бағаланады. Бірақ бізде бұл негізгі шартты ұмытып, жұмыстың басқа саласына ғана назар аудару, біржақтылыққа салыну әлі жойылмай келеді.

Тракторлар мен ауыл шаруашылық құрал-саймандарын көктемгі егіске сақадай-сай әзірлеу айбынды міндет. Бұл міндетті аброймен орындау үшін МТС-тарда көпшілік-саясат ісін жоғары дәрежеде жүргізу арқылы жұмысшыларды өнімді еңбекке жұмылдыра білу керек. Әрбір бастауыш партия, комсомол ұйымының бұл жөнінде арнаулы жұмыс жоспары болуы шарт. Үгітшілердің мастерскойларда жүргізетін саяси-көпшілік ісі де, жұмысшылар алдында жасалатын баяндамалар мен лекциялар да осы жоспарларда күні бұрын белгіленуге тиіс. Көпшілік-саясат ісі социалистік жарысты неғұрлым өрістетіп, алған міндет-темені әрбір бригада мен жұмысшының іс жүзінде орындауына бағытталатын болсын. Жауынгерлік листоктер мен қабырға газеттерінде күнбе-күнгі істелген жұмыстың нәтижесі, озаттардың іс үлгісі кеңінен жазылуы қажет. Міне сонда ғана істің табысты болу түйіні шешіледі.

Тракторлар мен ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жөндеуші жұмысшылар мен колхозшылар арасында көпшілік-саясат ісін пәрменді түрде жүргізіп, көктемгі егіске үлгілі әзірленуді қамтамасыз ету—әрбір бастауыш партия, комсомол ұйымдарының айбынды міндеті.

Туған жерімізді гитлершіл арамзалардан азат етуді аяқтап, Қызыл Армия енді Польша, Югославия, Чехословакия халықтарының фашистік құлдық бұғауын қыйратып, өздерінің бостандығы мен тәуелсіздігін қалпына келтіруіне көмектесіп жатыр.

И. СТАЛИН.

Совет Хабаршы бюросынан

22 ДЕКАБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

22декабрьде Чехословакия жерінде ЛУЧЕНЕЦ қаласының батыс жағында әскерлеріміз ұрыспен алға басып, ВИШНЯ, КАЛОША, СОБОТКА, ГУСИНА, ДУРЕНДА, БИЗОФАЛА, ГОСТИЦЕ, ТАМАСВЕЛГИ қыстақтарын алды.

Венгрияда ДЬЕНДЬЕШ қаласының шығыс және солтүстік жағында әскерлеріміз КИШ-ТЕРЕННЕ қаласы мен торапты темір жол станциясын алды, сол сияқты ДИСНОШД, АРЛО, БОРШОДНАДАШД, БАЛАТОН, ПЕТЕРВАШАРА, МАТРАБА, СУПАТАК қыстақтары мен ЯРТАНХАЗА, МАТРАБАЛА темір жол станцияларын ұрыспен алды.

21 декабрьдегі ұрыстарда ЛУЧЕНЕЦТІҢ шығыс жағы мен ДЬЕНДЬЕШТІҢ сол түстік жағында әскерлеріміз немістер мен венгрлердің 1755 солдаты мен офицерін қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

21 декабрьде әскерлеріміз немістердің 101 танкін қыйратты, жойды. Өзе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 68 самоләті атып түсірілді.

Чехословакияда Лученец қаласының шығыс жағында дұшпан жаңа күштерін ұрысқа жұмсап, шабуыл жасаушы әскерлерімізге қатты қарсылық көрсетті. Н. құрамасының бөлімдері күнәулік ішінде гитлершілдердің бірнеше тіректі бекіністерін жойды. Дұшпан жағдайды қалпына келтіруге тырысып, қарсы атака жасады. Немістер қатты ұрыста 300дей солдаты мен офицерінен айырылып, кері шегінуге мәжбүр болды. Екінші бір ауданда қатардағы жауынгер Белоусовтың басқаруындағы бір топ совет жауынгерлері маңызды тас жол бойына тосқауылда тұрды. Дұшпанның екі рота жаңу әскерлері мен танктері жауынгерлерімізге атака жасады. Белоусов жолдас танкке қарсы мылтықтан дәлдеп оқ атып, немістердің екі танкін өртеді. Жаудың үшінші бір танкі кері шегінді. Совет жауынгерлері пулеметтер мен автоматтардан нәсерлете оқ атып, немістердің атакасын тойтарды, сөйтіп алынған шенті менгеріп тұрды.

Венгрияда Дьендьеш қаласының солтүстік-шығыс және солтүстік жағында әскерлеріміз ұрыспен алға басты. Совет бөлімдері орағыта әдіс жасап, Кип-Теренне қаласында бекінген дұшпанға үш жақтан шабуыл жасады. Қоса ұрыстарының нәтижесінде бөлімшелеріміз неміс гарнизонын талқандап, Кип-Теренне қаласын алды. Н. бөлімінің жауынгерлері гитлершілдерді тас жолдардың торабы—Петервашара қыстағынан қуып шығарды. Бір учаскеде капитан Маньковтың мотоцикл батальоны дұшпанның тылына өтіп, немістердің тіректі қорғану бекінісіне тұтқиылдан соққы берді. Совет жауынгерлері бір ротадай гитлершілдерді қырып салып, жаудан 10 зеңбірек пен 50 адамды қолға түсірді. Көп ұзамай-ақ немістердің екі батальон жау әскерлері танктерінің және өздігінен жүретін зеңбіректерінің көмегімен мотоциклшілерімізге қарсы атака жасады. Жауынгерлеріміз жаудың қарсы атакасын тойтарып, немістердің 4 танкі мен өздігінен жүретін екі зеңбірегін жойды. Ұрыс даласында неміс солдаттары мен офицерлерінің 200ден аса өлігі қалды. Гитлершілдердің кері шегініп бара жатып, тастап кеткен қару-жарақтары қолға түсірілді.

1-Украин майданында капитан Писоцкийдің бөлімшесі бірнеше күн бойына шабуыл жасауға әзірленді. Жауынгерлеріміз дұшпанға сездірмей, оның қорғану шебінің алдыңғы шетіне қарай баратын жерлерді қазып қойды. Әскерлеріміздің тұтқиылдан шабуыл жасауы немістердің берекесін кетірді. Бөлімшеміз қолайлы шептерді алып, оларға мықты бекінді.

Немістердің 68-жау әскер дивизиясының Қызыл Армия жағына шыққан солдаты Рудольф Л. былай деді: «Мен полякпын. Бұдан бұрын поляктардың 8-атты әскер дивизиясының солдаты болып қызмет атқардым. 1939 жылы немістердің тұтқиылдан түсіп, фашистік бұғаудың неше түрлі азабын басымнан кешірдім. Мен көп уақыт құлдық лагерінде болдым. Мұнда жүздеген және мыңдаған соғыс тұтқындары менің көз алдымда қаза тапты. Бұдан соң мені неміс помещигі Бетткенің құллығына берді. Оның қарамағында 20 француз және 6 поляк жұмыс істеді. Помещик бізді ашықтырып, ұрып-соқты және қорлық көрсетуде болды. Быйылғы жылдың күзінде немістердің соғыс өкімет орындары поляктарды міндетті түрде неміс армиясына алу жөнінде бұйрық шығарды. Көптеген поляктар әскерге барудан бас тартып, қашып кетті. Гитлершілдер олардың үй-іштерін аяусыз жазалауда. Менің ағам тұтқыннан қашып, шақыру пунктіне келмеді. Неміс жендеттер оның үйдегі туысқандарын атып өлтірді. Менің екі ағам 6 жылдан бері неміс тұтқынында зар илеуде. Бір ағам түрмеде отыр. Менің көптеген достарым гестапоның қолына қаза тапты. Гитлершілдер поляк халқыны қырып, Польшаны жойып жібермекші болады. Мен неміс басқыншыларды жек көремін және Гитлер армиясының қатарында бірде-бір күн болғым келмейді. Екі поляк майданға келе жатып, госпитальға түсу үшін жолшыбай өздерін қасақана жарады. Мен басқаша айла жасауды ойладым. Сөйтіп алғашқы мүмкіншілік туысымен орыстар жағына шықтым. Менің қолыма қару алып, отанымның қас жауы—немістерден кек алғым келеді».

ССРО ДӘРІГЕРЛІК ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ АКАДЕМИЯСЫН ҚҰРУ ЖӨНІНДЕГІ СЕССИЯ

Жақын арада Москвада ССРО дәрігерлік ғылымдары Академиясын құру жөнінде сессия ашылды. ССРО дәрігерлік ғылымдары Академиясының ұйымдастыру бюросының председателі ССРО денсаулық сақтау Халық Комиссары Минтерев жолдас баяндама жасап, елімізде дәрігерлік ғы-

лымдарының дамуы жөнінде толық шолу жасады.

Сессияның жұмыс істей бастауының алғашқы күні академиктер А. И. Абрикосов, Л. А. Орбели және С. С. Юдин сөз сөйлеп, анатомия, физиология және хирургия ғылымдары жөніндегі алдағы міндеттерді атап көрсетті. (ТАСС).

Эстонияның 3700 ШАРУАСЫНА ӨЗ ЖЕРЛЕРІ ҚАЙТАРЫЛЫП БЕРІЛДІ

Эстонияның 3700ден аса шаруасы жер учаскелерін алды. Жер алған шаруаларға совет өкіметі егіс тұқымдарын, ауыл шаруашылық құрал-саймандарын, жұмыс көлігін, азық-түлік, құрлыс жабдықтарын беруде. Латвияда кісі тұратын үйлер, мал

оралары және шаруашылық құрлыстары алынып жатыр. Быйылғы жылдың 4-тоқсанында мемлекетіміз Эстонияның еңбекші шаруаларына қарызға 11 миллион сом қаржы берді.

ҚК(б)П аудандық комитеттерінің секретарьлары мен МТС, совхоз директорларының мәслихаты

Жақын арада ҚК(б)П обкомінде аудандық партия комитеттерінің секретарьлары мен МТС, совхоз директорларының мәслихаты болып өтті. Мәслихатта мемлекетке астық тапсыру және көктемгі егіске дайындықтың барысы туралы ҚК(б)П обкомінің секретарі Нечаев жолдас баяндама жасады.

Баяндамашы облысымызда мемлекетке астық тапсыру жоспарының әлі күнге дейін орындалмағанын, бірталай аудандарда астық дайындаудың олқылыққа ұшырап отырғандығын аудан басшыларының болған олқылықты дереу жою үшін қолда бар мүмкіншіліктерді дұрыс пайдалана алмай отырғандығын айтты. Астық бастырудың барысына тоқтала келіп, Ленин, Петропавл және Октябрь аудандарында бұл жұмыстың кешіргісіз баяу екендігін сыпаттайтын мысалдар келтірді.

Бірсыпра МТСтар мен совхоздарда егіске әзірлік жұмысы айтарлықтай ұйымдастырылмады. Тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеу жұмысы тіпті баяу. Механизатор қызметкерлерін әзірлеу ісі жеткіліксіз, озат адимдардың іс тәжірибесі басқалардың игілігіне айналдырылмай келеді. Социалистік жарыс кең өрістетілмей отыр. Осының салдарынан, облысымызда тракторларды жөндеудің 4-тоқсандық жоспары декабрь айының алғашқы жартысына дейін 67,3 процент ғана орындалды. Ал, Чистян, Преснов, Калинин және Суворов атындағы МТСда небары 5—6 трактор ғана жөнделіп, жоспар 30—40 процент ғана орындалды. Ал, Конавалов МТСнда тіркеу саймандарын жөндеу қарқынын неғұрлым күшейтуге мүмкіндігі бола тұрса да жұмыс айтарлықтай болмай отыр. Жұмысшылар арасында еңбек тәртібі нашар. Көпшілік саясат жұмысы жүргізілмейді. Міне бұл

фактылар МТС директоры Богданов жолдастың іске қабілетсіз екендігін көрсетеді. Бұдан әрі Нечаев жолдас көктемгі егіске үлгілі әзірлену жөнінде алда тұрған айбынды міндеттерге ерекше тоқталды.

Баяндама бойынша ҚК(б)П Преснов аудандық комитетінің секретарі Васин, Мамлют аудандық комитетінің секретарі Козик, Торангүл мал совхозының директоры Сқақов, Булаев МТСның директоры Рахметов жолдастар сөз сөйледі. Олар көктемгі егіске әзірлікте қандай жұмыстар істеп жатқанын айта келіп, машина-саймандарды жөндеу қарқынын арттыру жөнінде облыстық жер бөлімі басшыларының нақтылы көмек беру орнына, мөлімет алумен ғана шұғылданатынын, Селхозснабқа келген қосалқы бөлшектерді дұрыс бөлу тәртібі жоқ екенін, тракторларды жөндеу жұмысына мұның көп әсер етіп отырғандығын айтты.

Мәслихатта ҚК(б)П Орталық Комитеті ауыл шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Мельник, ҚК(б)П обкомінің секретарьлары Коинин, Рошупкин жолдастар сөз сөйлеп, бірсыпра аудан басшыларының, МТС және совхоз директорларының мемлекетке астық тапсырудағы олқылықты жоюға әлі білек сыбана кіріспей найқалумен отырғанын, кей жерде көпшілік-саясат жұмысы мен социалистік жарыс шын мәнінде өрістетілмей, даурықпалы думанның орын алғандығын айтты. Мұнымен қатар, кейбір аудандық партия комитеттері үгіт-нәсихат бөлімдерінің колхоз үгітшілеріне нақтылы көмек көрсетпегендігін, ауыл шаруашылық жөнінде тәжірибесі мол колхозшылармен әңгіме ұйымдастырылмай келгендігін қатысты сынға алды.

Мәслихатта мемлекет алдындағы борышты тез арада мұлтіксіз өтеу және көктемгі егіске үлгілі әзірлену жөнінде шешуші шаралар белгіленді.

Партия қатарын таңдаулы адамдар есебінен өсіре берейік

Ауданымыздың бірсыпра бастауыш партия ұйымдарының қатары быыл едәуір өсті. Партия қатарына істе сыналған, таңдаулы адамдар қабылданды.

Бірнеше мысал келтірейік. Булаев элеваторының жанындағы бастауыш партия ұйымы мұндай алды жұмысшы Лысенко жолдасты кандидаттықтан ҚК(б)П мүшелігіне ауыстырды. Лысенко жолдас 1930 жылдан бері осы элеваторда жұмыс істеп, іс үлгісін көрсетіп келеді. Лысенко жолдас қазір элеватордың директорлығы қызметіне жоғарылатылды. Осы элеватордың механигі Макаренко жолдас партия мүшесіне кандидаттыққа қабылданды. Ол таңдаулы қызметкер.

Өндірісте іс үлгісін көрсеткен алдыңғы қатарлы жұмысшы, қызметкерлерді партия қатарына қабылдауда Возышен астық совхозының партия ұйымы (секретарі Соложенцев жолдас), НКВДның аудандық бөлімінің бастауыш партия ұйымы (секретарі Кондыбаев жолдас) едәуір жұмыстар істеді. Возышен совхозының партия ұйымы ҚК(б)П мүшелігіне кандидаттыққа 15 адам қабылдады. Ал НКВДның аудандық бөлімі жанындағы партия ұйымы 4 адамды партия мүшелігіне кандидаттыққа, екі адамды партия мүшелігіне қабылдады. Комитеттер атындағы колхоздың стахановшысы комсомол мүшесі Татарина жолдас партия мүшелігіне кандидаттыққа қабылданды. Татарина жолдас егін жыйындауға үнемі жұмыстың шешуші саласын басқарып, тапсырманы артығымен орындап отырды. Сөйтіп басқаларға үлгі көрсетті.

Кейбір бастауыш партия ұйымдары, олардың секретарьлары бұқарамен тығыз

байланыс жасамай, еңбек майданының таңдаулы қызметкерлерін партия қатарына тарту ісін кең өрістетпей келеді. Міне осының салдарынан жыл басынан бері ауданымызда партия мүшелігіне кандидаттыққа 64 адам, ал кандидаттықтан мүшелікке 24 адам қабылданды.

Бірсыпра бастауыш партия ұйымдары, әсіресе «Красное знамя» Ворошилов атындағы, «Гигант» колхоздары мен Қарағанды совхозының бастауыш партия ұйымдары өз қатарына жыл басынан бері бірде-бір адам қабылдамады. Бұл бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары Волков, Айтаев, Метель және Николаева жолдастар еңбекшілер бұқарасы арасында саяси-тәрбие жұмысын шын мәнінде өрістете алмады, партия қатарын таңдаулы адамдар есебінен толықтыра беру ісімен жете шұғылданбады.

Партия қатарын еңбек майданының таңдаулы қызметкерлері есебінен толықтыра беру—әрбір партия ұйымының ардақты міндеті болып саналады. Олай болса, жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді дереу жойып, алдыңғы қатарлы адамдарды партия қатарына қабылдау ісімен тыңғылықты шұғылдану керек.

Жақын арада аудандық партия комитеті бұрын бастауыш партия ұйымы жоқ бірнеше колхоздарда партия ұйымын ұйымдастырды. Дегенмен бұл ұйымдарда жұмыстың алғашқы бет алысы әлі айтарлықтай емес. Сондықтан партия ұйымын ұйымдастырумен қатар партия мүшелерінің қатарын өсіре беру ең басты міндет болып саналады.

И. ГАГАРИН

ҚК(б)П Булаев аудандық комитетінің ұйымдастыру-нұсқау бөлімінің меңгерушісі.

Казахстан ЛКЖО Орталық Комитетінде ЕГІС ДАЛАСЫНАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰРАЛ-САЙМАНДАРЫН ЖҢЙНАУ ТУРАЛЫ

Бірсыпра комсомол ұйымдарының егіс даласынан ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жыйнау жөніндегі ұсынысына ерекше мән беріп, Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті мынадай қаулы алды:

Егіс даласынан ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жыйнау жөнінде 1944 жылғы декабрьдің 20 нан 31-не дейін жастардың республикалық онкүндігі өткізілсін. Онкүндіктің негізгі міндеті егіс даласындағы соқааларды, тырмаларды, тұқым сепкіштерді, егін ботатын машиналарды тағы басқа құрал-саймандарды есепке алып, жыйнау, бұларды тазарту, лапс астына қойып, жөндеу жұмысын ұйымдастыру болып тағайындалсын.

Облыстық, аудандық комсомол комитеттеріне, колхоздардың, МТСтар мен совхоз

дардың бастауыш комсомол ұйымдарына онкүндікті өткізу жөніндегі мәселені комсомол-жастардың жыйылыстарында талқылап, комсомол мүшелері мен колхоз жастарын несіздікке қарсы күреске және ауыл шаруашылық машиналарын көктемгі егіске үлгілі әзірлеу ісіне жұмылдыру ісі тапсырылсын. Колхоздардың басқармаларымен, МТС және совхоздардың директорларымен келісе отырып, ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жыйнау, бұларды ұста дүкендері қасына тасып, сақтау жөнінде жастардан арнаулы звенолар құрылатын болсын.

ҚЛКЖО облыстық, аудандық комитеттері онкүндікті өткізу ісінде колхоздардың, совхоздар мен МТСтардың комсомол ұйымдарына қолма-қол көмек көрсетуге міндеттелсін.

ОБЛЫС ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ӨНДІРІС ЖОСПАРЫН АРТЫҒЫМЕН ОРЫНДАУ ҮШІН СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСЫ

Жастардың іс үлгісі

БЛКЖО Орталық Комитетінің комсоргі болып Қурышева жолдас қызмет істейтін завод декабрь айының 20 күндік өндірістік жоспарын толық орындады. Бұл табысқа жетуде заводтың комсомол-жастар бригадалары зор үлес қосты.

Акишев жолдастың басқаруындағы комсомол-жастар бригадасының мүшелері Балқаш жұмысшыларының үндеуін зор ықпалмен қарсы алып, жылдық жоспарды мұлтіксіз орындау үшін социалистік жарысқа жаппай ұшты, сөйтіп олар декабрь айының өндірістік жоспарын 200 процент орындауға міндеттенді. Қазір бригада жұ-

мыс мөлшерін үнемі 150-250 процент орындауда.

Брюховец және Комарова жолдастардың басқаруындағы комсомол жастар бригадалары да іс үлгісін көрсетті. Олар декабрь айының 20 күндік жоспарын артығымен орындап, жоспардан тыс 4000 сомның бұйымын өндірді.

Стахановшылар Теміржанов, Тасмағамбетова, Омаров жолдастар зор ынтамен еңбек істеп, жұмыс мөлшерін 150-200 процент орындап жүр.

К. ЖОЛДЫБАЕВ.

ЖҰМЫС ҚАРҚЫНЫ КҮШЕЮДЕ

Н. заводында соңғы кезде еңбек өнімі анағұрлым арта түсті. Шалының бастық болып істейтін цехтың жұмысшылары жұмысқа барлық ішкі мүмкіншілікті толық пайдаланып, декабрь айының 20 күндік жоспарын едәуір артығымен орындады. Олар облыс МТСтары үшін жоспардан тыс көптеген қосалқы бөлшектер жасап шығарды. Петренко жолдастың басқаруындағы цех жұмысшылары да декабрь айында зор табыстарға не болуда. Цех тапсырманы 130-140 процентке дейін орындауға жетісті.

Социалистік жарыста Сосенко жолдас

басқарған цехтың коллективі де айтарлықтай табысқа не болды. Цех жұмысшылары социалистік жарыс туын бұрынғыдан да жоғары ұстап, жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға міндеттенді. Жұмысшылар бұл сертін аброймен орындау үшін күш жұмсап, тапсырманы толық орындады. Быкова жолдас басқарған майдандық комсомол-жастар бригадасының мүшелері де еңбек өнімін барған сайын арттыруда. Олар жұмыс графигін үнемі 150 процент орындап жүр.

Е. ЖҰМАБАЕВ.

Жоспардан тыс продукция өндіруде

Петропавлдағы сыра-сусын зауытының жұмысшылары мен қызметкерлері жеңіс қорына жыл аяғына дейін жоспардан тыс 562000 сомның продукциясын жасап шығарамыз деп серт берген еді. Қазір олар бұл сертін мұлтіксіз орындау үшін социалистік жарысты өрістетіп, еңбек өнімділігін барған сайын арттыра түсуде.

Даңқты Қызыл Армияның жеңістерімен жігерленген завод жұмысшылары өздерінің бұл міндеттемелерін аброймен орындау үшін аянбай еңбек істеуде. Сусын жасайтын цехтың жұмысшылары күнделік жү-

мыс мөлшерін 115 процент орындайды. Бұл цехтың жұмысшылары Зубкова, Донцова жолдастар қажірлі еңбек істеп, іс үлгісін көрсетуде. Олар өзара социалистік жарысқа түсіп, еңбек өнімділігін 150-200 процентке жеткізді.

Завод жұмысшылары арасында саяси-көпшілік жұмыс өрістетілді. Әрбір цехта айына үш рет жауынгерлік листоктар шығарылып, онда жұмысшылардың іс тәжірибелері жазылады.

Е. МАЛАЕВ.

Жылдық жоспарды артығымен орындады

Петропавлдағы «Химпром» қолөнершілер артелінің мүшелері социалистік жарысқа жаппай қосылып, майдандағы еңбек істеуде. Осының нәтижесінде жылдық жоспар 21 декабрьге дейін 100,3 процент орындалды. Жылдық жоспар бойынша 22718 мың сомның бұйымын өндіру орнына артель 25496 мың сомның продукциясын өндірді.

Артель стахановшылары Владимирова,

Фешок, Майкина және басқа жолдастар міндеттемелерін мұлтіксіз орындау үшін қажірлі еңбек істеп, жұмыс мөлшерін үнемі 300-400 процент орындап жүр.

Артель коллективі жеңіс қорына арнап жыл аяғына дейін жоспардан тыс 180 мың сомның көпшілік қолды бұйымын өндіруге міндеттенді.

Ә. НҰРМАҒАМБЕТОВА.

МӘНШҮК БАТЫР

Соңы. Басы «Ленин туының»
17 декабрьдегі санында).

Ольга ЧЕЧЕТКИНА.

асу минуті адамға ауыр болатындай. Мәншүк вагонның басқышы п, өзін шығарып салған туған қала бақшаға, зәулім таудың қар жаңтастарына көз жіберді. Мәншүк барғысы келді. Ол анасының құ кіріп, оған қоштасардағы соңғы ітқысы, бала кезіндегідей анасының а сыбырлап: «Сүйікті әпкеңің» едегісі келді.

қазақтың кең байтақ даласымен келеді. Жер бетінде сирек кезде аратындас түрлерінің барлығы осы. Сирек кездесетін шөп пен ағаш ұмды төбелер. Бұл шөп пен ағаш маңда сулы арна барлығына күйі. Бұдан әрі—күн көзіне шағылыс қ ақсары құм. Көк жиекте экран-реттей көрініп, түйелі керуен кетіп

Ол керуен қайда кетіп барады... қырағынан түтін будақтап шығып, ер де тұр... Мәншүктің бала күнін ан елдің осындай көріністері оның ынан тізбектеліп өтіп жатты. атаға таянып қалды. Үлкен қызыл бір шеті сарықұмға, бір шеті көк анға тіреліп тұр. Әлден уақытта үн әлемге соңғы шапағын шашты жып барып, қызыл арай сары ал-ғырына кірді.

Бұл—домбыра тартып күй толға-летте ән салған бір әнші екен. к селт етті. Ән тыңдап бір аз да туған жердің толқынды күміс дай толқысына қазақ әнін шыр-

а бірнеше апта өтті. Мәншүк келді. Ол снарядтың жарылған естіді, ол әлденеше рет әуе соғысқа жана, ғана барып кез жинар-ұрыс оты әлі сөйбеген адамдар-ді. Алайда Мәншүктің өз қызметі-і толмады. Атқыштар бөлімшесіне көнінде әлденеше рет өтінгенді-іастан, Мәншүк штабқа қатышылық а қалдырылды.

арада жағдаймен танысып, соғыс ете меңгер, содан кейін көре-з,—деді оған.

ан көнді. Бірақ ішінен: «Жағдай-ас—дейді, мұнда мен жағдаймен келініп бе?» деп қынжылды. қайткенде ойлағанына жеткісі мәншүк қайтсем Отанымға зор кө-етемін деп ойлады. Ол дәрігер-ақ, телефоншы, радионы болт ала-ақ оған Мәншүктің көңілі толма-а жалынды жүрегі өзін ұрыс бо-қан жаққа қарай алып ұшты. Өз немістерді өлтіру—оның арманы болды.

ң пулеметші болғым келеді және да,—деді ол зор сеніммен. үндері штабта жазу машиналары көрші бөлмеде телефон шылдыр-сан кезде Мәншүк қараға үйіліп, га шоматын. Оның не ойлап отыр-дігісі келген адамға, ол: Алматы-ті әпкемді және қашан пулемет-шығатындығымды ойлап отырмын-тап берер еді. Жас арудың ой-кі нәрсе биледі. Ол—бейбітшілік-түн сәулетті туған ел және кес-сураныл ұрыстар.

к пулеметті үйіне берді. Ол бұл қаблетін, бар күш-жігерін жұм-ндай болмасын бір жайалық үй-рбір күн пулеметпен қаруланған-а қарсы жекпе-жек кездестіріп, алқандайтын бақытты кезеңге-дігін ол жақсы білді.

арман орындалды. Табандылық-ға деген шексіз сүйіспеншілік-і қиыншылықтардың бәрін жең-үк пулеметті жете үйреніп, үздік-алып алады. Оны атқыштар ба-з жіберді, кешікпей-ақ оған аға-атағы берілді. Бұл оқыйға Кали-анинда болған еді.

күнлері басталды. Барлау, дүш-кі арадағы атыс, кіші-гірім ұрыс-ың бәрі Мәншүктің жауынгерлік-і арттыра түсті. Мәншүк «Мак-сичинан шықпайды. Пулемет-імі адам секілді досы еді. Мә-метті сүртіп, тазартып, оның жа-тпеді. Кейде ол пулеметіне жай-ібен қарап, оның сұмқ құлағын-тымен сыйлайтын. Аз уақыттан-ішінде Мәншүкпен тән түсетін-мде-кем болды. Мәншүк жауын-ігелайды қиыншылықтарына тө-жолдастарын ерлікке жігерлен-пен комсомол ұйымындағыдай-мұнда да жауынгерлер хуменгей

тін болды. Оның күмістей күлкісі, айтқан қызықты әңгімесі, сыпайы сөзі солдаттың қаһарлы өміріне өң бергендей еді. Сол күндері ол үйіне хат жазды: «Алдыңғы шепте пулеметіммен бірге отырмын. Фрицтерді қырағылықпен аңдуаламын. Мүлде ұйықтамайтын түндер де болады. Күндіз дем аламыз. Қазір мұнда тұрмыс көпіді, зеңбіректерімізден немістерге оқ жаудырып, олардан кек алудамыз. Таяудағы күн дерде алға басамыз десем қателеспесің деймін».

Кей уақытта ұрыс арасында жауынгерлер Мәншүктің жанына жыйналатын, онда ол жауынгерлерге аспаға қарап арман теңізіне шомып отырып қыйырдағы кең бәй-тақ дала, тау жоталарындағы таң істі ауа, сәулетті Алматы жөнінде әңгіме ай-татын.

Мәншүк өзінің досы Анатолий Сокаль-скийге:

—Сен Алматының қандай тамаша екен-дігін білмейсің ғой, Жамбылдың Алматы жөніндегі жырын білесің бе?—деп ақын-ның Алматы жөніндегі өлекінін айтатын. Жанындай жақсы көретін досына:

—Соғыстан кейін екеуіміз Алматыға ба-рамыз,—деп сыр айтатын. Адам соғыста болып жатқан қырғынға шыдағ шыққан кісідей көзі үйреніп кетеді. Мұндай ми-нуттерде жігерсіз адамның еңсесі түседі. Мәншүк мұны жақсы түсінетін еді. Сон-дықтан бір күні жауынгерлер оның қасы-на жыйналып, ажал жөнінде аңыз қылған да ол:

—Егер тыңдасаңыздар, қазақ ертегісін айтатын, бұл ертегіні қазақ халқы ерте заманда, Алтын Орда хандығы кезінде шығарыпты.

Жауынгерлер Мәншүкке жақындай тү-сіп, оның ертегісін тыңдады.

—Бұл баяғы бір заманда болған оқыйға. Дүниеде Қорқыт атты бір қазақ өмір сү-ріпті, ол адам өмірінің қысқалығына риза болмапты. Сөйтіп Қорқыттың ажалға қар-сы күрескісі келіпті. Мұның үшін ол адам-нан безбек болады. Бірақ Қорқыт қайда барса да алдынан ажал шығады; өртегің ағаштары құлаған орман да, бетіндегі өе-леу шөбі күннің көзіне кеуіп күткен, да-лада талқандалуын күткен зәулім биік тау да оған ажал жөнінде сыр айтады. Сонда Қорқыт ағаштан қобыз жасап, оған шек тақты да, күй толғап өзінің ой-сезімін қобыз үйіне қосты. Оның күйінің әсем үні бүкіл әлемге естілді, оны адамдар тыңдады, қобыздың үнін естіген адамдар оны құлақ түре тыңдады. Содан бері Кор-қыттың күйі мен оның қобызы Қорқыттың атымен аталып, мәңгі өшпестей болып қалды.

—Міне байқайсыңдар ма,—деп бітірді ер-тегіні Мәншүк,—Қорқыт ажал жөнінде

ғана ойланса адамнан безген, оған аймақ-тың бәрі қайғы-қасірет теңізі секілді кө-рінді. Ал ол қолына қу тақтады алып, одан қобыз жасағанда Қорқыт адамдарға қосылып мәңгі өмір сүретін болды, өйткені өмір әр уақытта өлімді жеңіп шығады.

Мәншүк бұл жөнінде сөзбен айттып ғана қоймай өлімді өмір жеңіп шығатындығын іс жүзінде көрсетті. Алғашқы ұрысты Мәншүк немістердің атакасын ойдағыдай тойтарып, сөйтіп гитлершілдерді жақын жерге жіберіп алып, «Максиммен» он-даған немісті ол дүниеге жөнелтті. Осы-дан кейін жауынгерлер оны бұрынғыдан да жақсы көріп, хұрметтейтін болды.

...Мәншүктің майдандас жолдасы капитан Иманбек Сүлейменов Москваға үгітшілер мәслихатына барды. Ол майданға қайтып келгеннен кейін Мәншүк тұрған жер үйге келді. Мәншүк оған көп сұрақ қойды. Ол әсересе Михаил Иванович Калинин жөнінде көп әңгіме сұрады: денсаулығы қалай екен, үгітшілерге не айтты,—деп сұрады.

—Егер мәслихатта болсам,—деді Мән-шүк,—Михаил Ивановичтың жанына жа-қын барар едім де оны құшырлана сүйіп, бір минут уақытқа ғана кідіруін өтініп, жайдары жүзбен: туысқан әке Сізге үлкен рахмет—дер едім.

Мәншүк үйіне хат жазғалы отырғанда, оның тұла-бойынан мейрімділік пен сы-пайшылықтың бұлағы тасқындап аққан-дай болды. Ол хатқа барлығын: жолдас-тары жөнінде, немістерге қарсы ұрыстар, өзінің коммунист партиясы қатарына қа-былданған ұлы бахыты жөнінде жазды. Міне жас ару жазған қысқаша хат алды-мызға жатыр:

«Әпкеңай, маған кішкене айна- жібері-ңіз».

Бір күні Мәншүк үйінен сәлемдеме ал-ды.

—Үйден сәлемдеме келді, сапарым он-болады екен,—деді ол зор қуанышпен.

Оның жолдастары күліп, азіддесіп, жа-шіктің қақпағын ашты. Жәшіктің ішінен жаңа піскен алманың хош иісі бұрқ ете-түсті. Мәншүктің көзі бұлдырап кетті. Алма... сүйікті туған қала! Мәншүк оны көрерме екен, оның ай сәулесі түс-кен көшелерінен жүрерме екен, енді ол оның алма иісі ғажай ауасын жұтар ма-екең?...

Бірнеше күннен кейін Әмина Маметова қызынан хат алды. Мәншүк хатта былай деп жазыпты:

«Қымбатты ана! Көптен күткен хатыңыз бен сәлемдемеңізді алдыңғы шепке атта-нап сағатта алдым. Менің үлесіме небары бір-ақ алма тисе де қуанышым қойныма сыймады. Аптай екі жылдай уақыттан бері жемісті, не болмаса ұй тағамын тат-

қап емеспіз. Сәлемдеме жібергеніңіз үшін Сізге көп рахмет! Сапарым он болады екен. Қымбатты әпкеңай, түні бойы көз іліктірген жоқ едім бүгін күндіз ұйқтап жатып, түс көрдім... Түсімде майданға Алматыдан өкілдер келіпті; есікті ашсам, құлағым Сіздің даусыңыз келеді, Сізге жақындай түсіп едім, Сіз де орныңыздан түрегелдіңіз. «Ышымен-ақ көреді екем ғой» дедім де Сізді сүйе бастадым. Осы-дан кейін көдімгі өнімдегідей өзіміздің тұрмысымыз жөнінде айттым. Сонан соң мұнда қалай келдіңдер деп сұрадым, ба-қыттарына қарай өкілдер сендерге келді деп жауап бердіңіз... Осыдан кейін мені тамақ ішуге оятты, ояна келсем жаңағы-ның бәрі түсім екен».

...Қызыл Армия шабуылға шықты. Не-вель қаласы үшін ұрыстар болып жатты. Бұл кезде Мәншүк қабырғасы қатып, буыны бекіген, ұрыста сыналған тәжірибе-лі жауынгер болып алды.

Күздің суық күндерінің бірі. Таңертеңгі уақыт. Орыс жерінің табиғаты күн сәулет-ті Қазақстанның табиғатына тіпті ұқса-майтындығы қандай. Алайда, туған жердің әр қадамын кескілескен ұрыста жаудан қайтарып алған қазақ қызына бұл жер сондай жақын, өте қымбат болды.

Ұрыс қыза түсті. Немістер әрбір шоқ тоғайға, биік шоқыға бекініп, әлденеше рет қарсы атакаға шықты. Бірақ ұрыс болған сайын Мәншүк Маметованың пу-леметі аузынан от шашып талай гитлершіл-дерді жер жастантты, немістер дүркірей кері қашты. Дәл осы минуттерде Мәншүктің не жөнінде ойлағанын айтты беру қиын. Дегенмен онда бірақ ой болды. Ол—бөлім-шелеріміздің алға басуына көмектесу. Сол-андағы биік қыратты қайткенде жаудан тартып алу керек болды. Өйткені бұл биік ұрыстың түйінін шешетін еді. Не-містер мұны біліп, қыраттың етегіне нө-серлете оқ жаудырды. Қызу ұрыс шиеле-істі. Дәл осы кезде сұмбіл қара шаші өскен желмен желбіреген қыз алға ұм-ғылып бара жатты. Бұл Мәншүк Маме-това еді.

Немістер қызды көріп қалды. Қыз бе-кінген жерге немістер минометтерден бо-рата оқ жаудырды. Жарылған миға пуле-метті алысқа лақтырып тастады. Мәншүк-тің басын қан жуып кетті...

...Мәншүк сызды жерде жатты. Жердің сызы оны сергіткендей болды. Оған бая-ғыда өтіп кеткен балалық шағы қайта оралып, дәл қазір жайлаудағы көкәрай шалғынның үстінде етпетінен жатқандай болды, оның құлағына араның ызылдаған дауысы естілді... Таяу жерде тау басынан төмен құлап дүрілдеген су тасқыны естіл-ді. Жер бетіндегі жайқалған көктай әлден уақытта енбектегендей болды. Шөп енбектей ме екен?... Мәншүк басын ет-теп көтерді, ауыр жара оның маңдайын қарс айырғандай болды. Жара жанына ба-тып көзі булдырады. Шынымен-ақ жанағы тау басынан төмен құлаған су тасқыны ма? мүмкін солай болар...

Әлден уақытта есің жыйнағаннан кейін Мәншүк енбектеген шөп емес немістер, ал тау басынан төмен құлап гүрлідеген де су емес, немістер екендігін білді.

Мәншүк бар күшін жыйнады. Ызамен жарасының жанына батқанын да сезбеді, немістердің өзіне жақындай түсуін күтті. Ол жүрегінің соғуын естіп тұрды.

Мәншүк пулеметін ашық алаңға орна-тып, немістерге нөсерлете оқ жаудырды. Жау ажал құшып, жалт бұрылды. Ал Мәншүк немістерге тынбастан оқ жауды-рып, жауынгерлерімізге жол ашты.

...Қаза тапса да Мәншүктің қолы пу-леметтің кілтін қысып ұстап қарысып қа-лыпты.

Егер Сіз Невель қаласына бара қалсаңыз онда пулеметші қазақ қызы Мәншүк Ма-метованың атындағы көшені көресіз. Бұл қала халқының Советтер Олағының Баты-ры Мәншүк Маметованы мәңгі есте қал-дыру үшін қойған ескерткіші.

Егер Сіз Алматыға бара қалсаңыз, әдейі Пролетар көшесімен жүріңіз. Бұл көше ну жапырақ жамылған, мұнда әсем ағаш пен қарағаш ырғалып сымбыл қағады, арық мың бұралып, ағып жатады. Осы көшеде көк шатыры, биік басқышы бар кішкене ақ үй тұр. Үйіңіз қорасында солған гүл-дер. № 19 үйіңіз жанынан өтіп, қазақ қы-зы Мәншүк батырдың осы үйде тұрып, осы үйден өшпес ерлік істеуге аттанған-дығын есіңізге алыңыз.

Үйіңіз жанынан өткеніңізде мүмкін сұм-біл бұрысқан аркасына түсірген орта бой-лы бір әйел алдыңыздан шығар. Бұл Мән-шүктің шешесі—Әмина Маметова. Ол кісі-нің қасына барып, жайлағы жауабын аңгі-мелесіңіз.

Орыс тіліндегі аудармашы: Галим МҰХАМЕДЖАНОВ. («Комсомол Правдасына»).

КАПИТАН МЫРЗАТАЕВТЫҢ ЕРЛІГІ

Біздің қорғау шебіміз дүшпән тұрған жерден онша алыс емес еді. Түн. Көзге түртсе көргісіз. Немістер күндегі әдетін-ше шебіміздің алдыңғы жағына ракета ату мен болды. Артиллерия мен минометтер-ден, мылтықтар мен пулеметтерден де әл-сін-әлі оқ атылып тұрды.

Кенеттен атылған миномет оқтары түн қараңғысының тыныштығын бұзғандай бол-ды. Бұл барлауға шыққан атқыштар рота-сын қолдайтын лейтенант Нүрділла Мыр-затаевтың басқаруындағы минометшілер-дің жасаған қыймылы еді. Минометшілер нөсерлете оқ атып тұр. Минаның нысана-ға қалай түсуін қадағалап бақылап тұр-ған Нүрділла керекті болған түзетулерді минометшілер командирлеріне телефон ар-қылы жеткізді.

Жауынгерлеріміз аз уақыт ішінде дүш-панның бірнеше атыс уясын жойып, онла-ғы немістерді ол дүниеге жөнелтті. Сөй-тіп олар екі «тіл» алып, бөлімшесіне қайт-ты. Екі сағат бойы болған ұрыста Мыр-затаевтың минометшілері жаудың 30 шама-лы солдаты мен офицерін жер жастан-тып, 4 пулеметін, бір миномет батареясын және танкке қарсы ататын зеңбірегін тал-қандады. Бұл жас офицер Нүрділлаң ал-ғашқы қадамы еді.

Шабуылға шыққан жауынгерлерімізге дүшпән қарудың барлық түрінен бовата оқ жаудырып тұрды. Жауынгерлеріміздің жер бауырлап тасатынуына тура келді. Әсерсе дүшпанның сол жақ бүйіріндегі пулеметі ха-уып төндірді. Мұны сезген Мырзатаев жау пулеметінің тұрған жерін анықтады да, ми-нометшілер командирлері Федоров пен Скаковқа дүшпанның пулеметін жоюға тапсырды. Дүркін-дүркін дәлдеп атылған миналар жанағы пулеметті жермен жексең етті. Жауынгерлеріміз бұл жаядаймен пай-даланып, шабуылға шықты да, жаудың

бекінісіне тап берді. Көптеген фрицтер көр қушты.

Есуас немістер айналасы 2—3 сағат уа-қыттың ішінде 9 рет атака жасада да, еш бір табысқа жете алмай, жөңкіле кері ше-гінді. Дүшпанның бұл атакасын тойтару-да Нүрділлаң минометшілері 150ден аса гитлершілдерді жойып жіберді.

Бөлімшені шеберлікпен басқарушы жас офицер Мырзатаев бұдан бұсқа да талай ұрыстарда тамаша ерлік көрсетті. Бір ұрыста бақылау бекінісінде барлау жасап тұрған Мырзатаевты жаудың взводқа жуық солдаттары қоршап алуға әрекеттен-ді. Немістер оған жақындап келіп, түс-түсынан ұмтылды. Бірақ Нүрділла тайсал-мады. Ол қасындағы 5 жауынгерді жау-дың атакасын тойтаруға жұмылдырды. Сөйтіп, совет жауынгерлері жарты сағат-қа созылған шайқаста жауды жеңіп шық-ты.

Бір күні Мырзатаевтың минометшілеріне жау бірінен соң бірі 7 рет атака жасады. Жаудың 6 атакасы ойлағандай тойтарыл-ды. Ақырғы атакасын тойтарарда миномет оқтаушысынан басқа жауынгерлердің бәрі саптан шығып қалды. Нүрділла көздеуші әрі атқыш қызметін өзі атқарып, аз уақыт-тың ішінде 30дан аса гитлершілді жойды, сөйтіп жаудың бұл атакасын да тойтарып тастады.

Қазір Мырзатаев капитан. Оның басқа-руындағы миномет бөлімшесі дүшпанның 700ге жуық солдатты мен офицерін, 4 зеңбірегін, бірнеше минометін, 17 атыс бе-кінісін, оқ-дәрі қойған бірнеше складын жойып жіберді.

Капитан Нүрділла Мырзатаев осындай ерліктері үшін екі Қызыл Жұлдыз ордені мен наградталды. Ол соғыс өнерін жете-меңгерген батыр офицер.

А. ТҮРҒАНОВ.
Гвардия лейтенант.

ХАЛЫКАРАЛЫК ШОЛУ

Одактасу және өзара көмөктөсүү туралы быылгы 10 декабрьде Москвада кол койылган совет-француз шартына дүние жүзүндө баспасөзү ерекше көңүл бөлүп отыр. Гитлер Германиясына каршы үздіксіз күрес жүргүзүү үчүн да, сондай-ак бейбаштык уйымдаштыруу және соғыстан кейин хауупсуздук орнату ишине да бул шарттын орасан зор маңызы бар экендигин дүние жүзүндө демократияшыл журтшылдыгы атап көрсөтүдө. Шынында да, совет-француз шарты фашисттик Германияга, бостандык сүйгөн барлык халыктардын жалпы жауына катты соккы болуп тишп отыр.

Гитлер Германиясы апатка ушырагалы түр, оның жеңилүү сөзсүз. Муну гитлершл билеп-төстөүшлөрдүн өздері де мойындап отыр. Міне сондуктан да олар кайткен күндө де соғыс мерзімін узакка созып, өздеринин биржолата жеңилүүсө ушырау сагатын кешіктіруге тырысуда. Олар казірдің өзінде дүние жүзүлүк жаңа соғыс эзірлеу үшүн, сөйтіп жеңилүүнүн кайырмашын кайтары үшүн барлык шараларды колданууга аракеттенуде.

Жауды биржолата жеңип шыгу максатында совет-француз шарты СССР мен Франциянын соғыста бирлесип күш жумсауын көздейді, ол ушы одактас елдер мен барлык Біріккен Улттардын соғыс күшін негүрлүм жақсы бирлестіруге ісіне қызмет істейді. Сонымен ол Гитлер Германиясынын талқандалуын тездету, Германияга каршы одак майданын ныгайту ісіне көмөктөседі. Мүнымен қатар, совет-француз шарты Германия тарапынан жаңа шапкыншылыкты болдырмау максатында соғыстан кейінгі дәуірде екі улы елдің бірлесіп ісетуіне берік негіз жасайды. Міне сондуктан да шартка қол қойылу туралы қарарды неміс-фашист баспасөзі осындай қутырына өршеленумен карсы алып отыр. Фашист қарақшылар мунуң неге апарып соғатындығын біліп отыр. Олар бул шарт «Москвенін қолынан» келген іс деп аузын көптірте дагытуды.

Алайда немістердің совет жерінде Москваның талқандалуындағы казір журттың бөріне аян. Қазір прогресшіл бүкіл адам баласы гитлеризмді жеңіп шыгу Москваның күш жумсауынсыз мүмкін еместігін, онсыз баянды және узак бейбаштык уйымдаштыру жөнінде сөз болуы мүмкін емес экендігін мойындап отыр. Москва жөнінде даурыгумен немістер ешкімді қорқыта алмайды. Ондай уақыт өткен.

Франция мұнсыз-ақ казіргі соғыста көп жапа шекті, фашистер оның жерін ойрандады, гитлершл баскыншылар оның еркіндігін таптап-жанышты. Француз халқына оның өзінің билеп-төстөушілері Гитлермен уақытша бітім жасау туралы Конпенде қол қойылған тек 1940 жылғы июньде ғана опасыздық істеп қойған жоқ. Оған бұдан да ертеректе, 1935 жылғы француз-совет шартын Мюнхен саясаты бұзған кезде-ақ опасыздық істеген болатын. Осы саяси бет алыс гитлершл жеңдеттердің қарақшылық жасауына сол кездің өзінде-ақ дем берген болатын.

Мюнхен Версальда жасалған хателіктің жантүршігерлік белгісі болды, мұнда соғыстан кейінгі жағдай мәселесін Совет Республикасынын шешісі келді. Мюнхенде жасалған бул саясат бүкіл Европа үшін апат болды, өйткені ол шапкыншыларды олардың шығыстағы көршілері есебінен «көркейтүү» максатын көздеді.

Гитлер шапкыншылығына карсы жалпы күрес француз-совет ынтымағының қайтадан көркейтуіне жеткізді. Бул ынтымақ соғыстың қаһарлы кезінде жылдан-жылға дамыды. Ол Гитлер Германиясына және оның одактастарына карсы Советтер Одағы жойқын жекпе-жек шайқас бастаған кезде, Францияны фашист баскыншылар толық жаулап алған кезде басталған болатын. Бул ынтымақ совет халқының жауға карсы қаһармандықпен қарсыласуы және Қызыл Армияның тарихи жеңістерге жетуі нәтижесінде ұлғайды, гитлершлдердің бұғауынан Франциянын азат етілуіне мүмкіндік түгызды. Ол Тегеран мәслихатынан кейін Қызыл Армия неміс-фашист әскерлеріне күйрете соккы бере бастаған кезде және батыста екінші майдан ашылған кезде бұрынғыдан да нығая түсті. Қазір жаңа жағдайда совет-француз ынтымағы істің жайы өзгеруіне сәйкес жаңа түрге айналды. Француз журтшылдығының жаңа шартты Франциянын тез көркейуінің ыспаттамасы деп бағалауы тегін емес.

Совет халқы Гитлер Германиясын жеңіп шыгу мүддесі үшін, баянды және узак бейбаштык уйымдаштыру мүддесі үшін СССР және басқа бостандық сүйгіш елдердің арасында достық қатынасты нығайтуға бағытталған Сталиндік данышпандық саясаттын жаңа жарқын бейнесі деп біліп, Франциямен одактасу шартын қуттықтап отыр.

Неміс-фашист баспасөзі казір совет-герман майданындағы жағдайды өте күлеміз жазып отыр. Дегенмен баспасөзде жазылған азмұнша хабардың өзі, немістердің өте хауиптеніп отырғандығын ыспаттап отыр. Гитлершлдер Венгрия жөнінде ғана қорқып отырған жоқ, олар совет әскерлерінің сөзсіз басып кіру хауіп төніп тұрған Австрия жөнінде де қорқып отыр. Немістер Австрияны «соғыс өртінен» қутқаып, оған аса маңызды соғыс кәсіп орындарын көшірдік деп жақында ғана мақсанған жоқпа еді! Қазір олар бул жөнінде жұмған аузын ашпай отыр. Сондуктан да гитлершл баспасөз совет-герман майданының оңтүстік учаскесіндегі жағдай туралы, Қызыл Армияның шабуылы Германияның соғыс өнеркәсібінің аса маңызды орталықтарына сұрапыл соккы болып тиетіндігі туралы құлықсыз жазып отыр. Қазір одактас елдер өнеркәсібінен қалысуға Германия өнеркәсібінің күші келмейтіндігі мәлім болып отыр.

Егер неміс-фашист баспасөзі совет-герман майданының оңтүстік учаскесіндегі жағдай жөнінде үндемей отырған болса, ол батыста «Рундштедтін шабуылы» туралы даурығып отыр. Шынында да немістер майданының жеке учаскелерінде, оның ішінде Мальмеди ауданында, оңтүстік Бельгияда және солтүстік Люксембург арқылы Бастоньға қарай карсы шабуыл бастады. Неміс әскерлері майданның тар учаскесіне едәуір күшін жыйып, Американың 1-армиясын тұрған жерге сыналап өтті.

Соғыс мәліметтерге қарағанда, немістер сонда да айтарлықтай табысқа жете алмады. Немістер майданда не болып жатқандығы жөнінде анық хабар бермесе де, бул адам естімеген және болып көрмеген «жетістіктер» жөнінде олардың дабыл қағып, өңешін кере даурығуына кедергі жасай алмай отыр.

Таяудағы болашақта жағдайдың толық айқын болатындығы сөзсіз. Алайда немістердің карсы шабуылының қандай максатты көздегені казірдің өзінде де айқын болып отыр. Гитлершлдердің алға қойған негізгі міндеті одактастардың шабуылын болдырмай тастау экендігі күмәнсіз. Екінші міндеті елдің «енсесін көтеру» үшін халыққа азмұнша табыс жөнінде де хабарлау болып саналады. Немістер барлық күш-құрадын жұмсап соғысты узакка зоза беруге, өзінің жеңілуін кешіктіруге беруге тырысуда. Бірақ бул үмітсіз іс.

Гитлер командованисінің уақытша және азмұнша болса да табысқа жету жөніндегі есуастық әрекеті ешкімді тандандыра алмайды. Соғыстың казіргі шешуші, сонымен қатар өте-өте қиын кезеңінде неміс-фашист қарақшылардың жан таласа қарсыласпай қоймайтындығын еске алу керек болады. Немістердің карсы шабуылы жауға шешуші соккы беру үшін Біріккен Улттардың барлық күшті жұмсауға тиіс экендігінің дабылы. Одактастарымыздың бул міндетті орындай алатындығы және Рейтер агенттігі соғыс тілшісінің жазғанындай «Рундштедт шабуылының» соғыстың жеңісімізбен аяқталуын тездете алатынына күмәндануға болмайды.

Польша шаруаларының ғасырлар бойы көздеген арманын жүзеге асырған жер реформасының аяқталғандығы жөнінде азат етілген Польшаның жер-жерлерінен хабар түсіп жатыр. Польшаның ұлт азаттығы комитетінің төңірегіне топталған жаңа, демократияшыл, тәуелсіз Польша нығайып келеді. Ол поляк жерін толық азат ету жолындағы болашақ ұрыстарға эзірленуде. Ол Польшаның ежелгі барлық жерін Польша мемлекетіне біріктіруді көздейді. Польшаның азат етілген жерінде қайнаған жас өмір теңіз суындай таскындауда.

Польша халқы зор өрлеуді басынан кешіруде. Міне сондуктан да Арцишевскийдің жақын арада Лондонда құрған Польшаның жаңа эмигрант үкметінің «қызметі» журт күлерлік масқара болып көрінеді. Арцишевский мырза сөз сөйлеп мәлідеме жасаған, бул гитлершлдерге ұнаған көрінеді. Арцишевский мәлідемесін бір кезде Польшадан немістер тартып алған жерді қайтарып алғысы келмейтіндігін айтып сендіруден бастаған. Оның есесіне, ол бір кезде Пилсудский дәріптеп, жүзеге асыруға тырысқан баскыншылық жоспардан қол үзгісі келмейтіндігіне қатты сендірген.

Егер бул бас министр мүлде есуастанған болмаса оның злымдығы ызаланушылық туғызған болар еді. «Арцишевский үкметі»,—деп жазады Англияның «Обсервер» газеті—одактастардың сынына көп назар аудармауды және казіргі ұстаған жолдан танбауды ұйғарып отыр». Оқыйға тарих бетінен жулып тастаған Арцишевскийлерге және осыған ұқсас реакцияшыл эмигрант сұрқыларға назар аудармауды поляк халқы әлде қашан ұйғарған болатын.

Я. ВИКТОРОВ.

БАТЫС ЕВРОПАДАҒЫ СОҒЫС ҚҰЙМЫЛДАРЫ

ЛОНДОН, 20 декабрь. (ТАСС). Одактастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованисі штабының хабарында былай делінген:

Моншау мен Оңтүстік Люксембург аралығындағы ауданда ұрыстар болып жатыр. Мұнда дұшпан шабуылға шықты. Моншаудың солтүстік жағында одактастар әскерлері Вурм мен Мюллендорфты дұшпаннан тазартуда болды.

Саар алқабында одактастар әскерлері Диллингенді, бул қаланың шығыс бөлегіндегі завод ауданынан басқа жерін дұшпаннан толық тазартты. Одактастардың әскер бөлімдері Саар Лаутерннің өткел аузындағы бекініс ауданында алға басты. Саар Гемюндтың солтүстік-шығыс жағында одактастар әскерлері Габкирхен мен Вальтхеймнің солтүстігіне қарай бір аз алға басты.

Бірнеше күнге созылған қатты ұрыстардан кейін одактастар әскерлері Битштын солтүстік-батыс жағында Мажино бекінісі шебі бойында Зиммергов бекінісін алды. Бұған жақын жердегі Шисеек бекінісі маңында дұшпан қатты қарсылық көрсетуде болды. Виссенбургтың солтүстік-батыс жағында одактастар әскерлері дұшпанның қатты қарсылығына кез болды. Дұшпанның күшті екі қарсы атакасы тойтарылды.

Одактастардың жер бетіндегі әскерлері Қолмардың солтүстік-батыс жағында және Вогез ауданында біраз алға басты. Одактастар авиациясы жаудың Германиядағы соғыс орындарына әлденеше рет еселеп шабуыл жасады.

ЛОНДОН, 20 декабрь. (ТАСС). Одактастардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай

Америка бомбашыларының Шанхай мен Нанкинге шабуылы

ВАШИНГТОН, 20 декабрь. (ТАСС). Америка авиациясының 20-құрамасы штабының хабары бойынша, 19 декабрьде еса қуатты «Ушушы қамал» бомбашылары Шанхай мен Нанкинге шабуыл жасаған. Кеме тоқтайтын жерлер мен механикалық мастерскойлар бомбаланған. Бомбалаудың нәтижесі ойдағыдай болған.

Гитлершл газеттің қайғылануы

СТОКГОЛЬМ, 18 декабрь. (ТАСС). «Дұшпанның қатты қыспағы астында гитлершл әскерлердің көп қару-жарағынан айрылуына тура келіп отыр»—деп қайғырады гитлершлдердің майданда шығатын «Штоссгрупп» газеті. Сөйтіп бул газет солдаттарды қару тастамауға шақыруда.

«Соңғы сұрапыл ұрыстар кезіндегі қару-жарақ шығынының қанша болып отырғандығын біз өз көзімізбен көріп отырмыз және тылда бул шығынның орнын толтыру қаншалықты қиыншылыққа түсетіндігін білуіміз керек» деп жазады газет.

Командование ариалуы бұйрық шығарды, бул бұйрықта қару-жараққа қылмысты түрде салқын қарағаны үшін адамдарды ауыр жазаға тарту шаралары көрсетілген деп қорқытады солдаттарды газет.

«Ударник» кино-театрында

Бүгін және күн сайын «АҚЫРҒЫ ТҮН» деген көркем суретті дыбысты фильм көрсетіледі.

Сеанстар кешкі сағат 6-8-10-да басталады. Касса күндізгі сағат 3-тен бастап ашық.

* * *

«Октябрь» кино театрында

Бүгін және күн сайын «ТАНКЕР ДЕРБЕНТ» деген көркем суретті дыбысты фильм көрсетіледі.

Сеанстар кешкі сағат 6-8-10-да басталады. Касса күндізгі сағат 3-тен бастап ашық.

делінген: Италиядағы майданда айтарлықтай өзгеріс жоқ.

Одактастар бомбашыларының құрамалары кеше дұшпанның Австриядағы Венгриядағы, Югославия мен Солтүстік Италиядағы соғыс орындарына шабуыл жасады.

ЛОНДОН, 22 декабрь. (ТАСС). Одактастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованисі штабының хабарында былай делінген:

Одактастар әскерлері Моншау төңірегінде жаудың бірсыпыра әлсіз қарсы атакаларын тойтарды және бул ауданда бірнеше кішігірім қалаларды алды. Солтүстік қанатта одактастар әскерлері дұшпанның алға басыын тоқтатты, сөйтіп Ставило қаласын қайта алды да, Манбмедн қаласы үшін ұрыстар жүргізуде.

Әлі күнге одактастардың қолында тұрған Сен-Витке қарайғы бағытта дұшпанның алға басыуы баяулатылды. Вияденнің батыс жағында атака жасаушы дұшпанның әскер бөлімдері Вейцаның шығыс жағындағы пунктке жетті, ал бул ауданның солтүстік жағында шамамен айтқанда 6 миль жерде қыймыл жасаушы жаудың әскерлері Клерво төңірегіне жетті.

Эхтернах ауданында ұрыстар болып жатыр. Мұнда одактастар әскерлері дұшпанды Эхтернах қаласынан және оған жақын жердегі қалалардан қуып шығарды.

Саар ауданында одактастар әскерлері Даллингенді дұшпаннан тазартып, Вогез ауданында бір аз алға басты.

Ауа райының қолайсыз болуы авиацияның қыймыл жасауына кедергі жасады. 27 декабрьге қараған түнде ауыр бомбашылар Кеавил және Бонне сұрыптау станцияларына шабуыл жасады.

Одактастар авиациясының Германияға шабуылы

ЛОНДОН, 18 декабрь. (ТАСС). Американың 500-лей «Ушушы қамал» бомбашыларының 600-ден аса истребительдері ертіп шығып, Кельндегі, Ковленцтағы Германияның тағы басқа аудандарындағы сұрыптау станцияларына шабуыл жасағандығы ресми түрде жарияланды.

Ағылшынның «Ланкастер» бомбашыларының ірі құрамалары 18 декабрьге қараған түнде Мюнхенді бомбалады. Бүгін таңертен ағылшын бомбашылары Дуйсбургке еселеп шабуыл жасады.

Венгрия „өкілінің“ Берлинге келуі

СТОКГОЛЬМ, 19 декабрь. (ТАСС). Тангиновскі телеграф бюросының хабары бойынша, Салаши Берлинге Андреас Мачерді өкіл етіп жіберген. Мачер гитлершл журналистерге венгр армиясынан адамдардың жаппай қашып кетушілігі және Венгрия темір жолдарында саботаж жасаудың мейлінше етек алып отырғандығы туралы лақаптардың рас экендігін айтты. Мачердің бул мәлідемесінен кейін Венгрияның өкмет орындары темір жолшыларды көптеп тұтқынға ала бастады. Тұтқынға алынғандардың көпшілігі халық алдында дарға асып өлтірілді.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.

Петропавл музыка мектебіне күзетшілер, үй сыпырушылар, шаруашылық бөлімінің меңгерушісі және қора сыпырушылар керек.

Адрес: Петренев көшесі, 36—47.

ДИРЕКЦИЯ.

Жұқпалы ауруларға қарсы күрес жөніндегі облыстық төтенше комиссияның қаулысы бойынша, балалардың жаңа жылдық жыйындарын ұйымдастыраған түрде өткізуге тыным салынды. Балалар яслилері мен балалар аландарында, мектептерде балалардың жаңа жылдық жыйындарын өткізуге рұхсат етілді.